

## **Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 30 қарашадағы № 498 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 желтоқсанда № 4311 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 386 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 03.09.2020 № 386 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына және "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3 бабының 7 тармағына және 6 бабының 2 тармағына сәйкес Ордабасы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Ордабасы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Ордабасы ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Ордабасы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары  
Ғ.Үсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р.Қайпжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Оңтүстік Қазақстан облысының  
жолаушылар көлігі және автомобиль  
жолдары басқармасы" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Н.М.Байғұт

2017 жыл "30" қараша

Ордабасы ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы 30 қарашадағы  
№ 498 қаулысымен бекітілген

### **Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері**

№ р /с	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Автомобиль жолдарының мекен жайы, шақырым	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KXOR-1	М - 3 2 Самара-Шымкент-Амангелді	0-4,2	4,2
2	KXOR-2	Шубар-Токсансай	0-5,0	5
3	KXOR-3	М - 3 2 Самара-Шымкент-Шубарсу	0-7,8	7,8
4	KXOR-4	Р / Д - 3 1 Кентау-Төрткүл-Ақсары	0-2,0	2
5	KXOR-5	К Х - 1 5 Алтынтөбе-Бадам-Қарабастау	0-3,0	3
6	KXOR-6	К Х - 1 5 Алтынтөбе-Бадам-Бірлік	0-2,8	2,8
7	KXOR-7	КХ-8 Арыс-Темірлан-Бейсен	0-1,3	1,3
8	KXOR-8	К Х - 1 5 Алтынтөбе-Төрткүл-Жеңіс	0-1,7	1,7
9	KXOR-9	К Х - 6 3 Бадам-Шұбар-Ықыластемір	0-4,5	4,5
10	KXOR-10	Қараспан-Қалаш	0-9,3	9,3
11	KXOR-11	К Х - 1 5 Алтынтөбе-Төрткүл-Дихан	0-9,6	9,6
12	KXOR-12	К Х - 8 Арыс-Темірлан-Төреарық	0-2,1	2,1

13	KXOR-13	К Х - 1 5 Алтынтөбе-Төрткуль-Елшібек батыр	0-3,0	3,0
14	KXOR-14	Қараспан-Ынтымақ	0-2,1	2,1
15	KXOR-15	Қараспан-Жұлдыз	0-1,6	1,6
16	KXOR-16	М - 3 2 Самара-Шымкент-Жайылма	0-0,6	0,6
17	KXOR-17	М - 3 2 Самара-Шымкент-Арыстанды	0-2,5	2,5
18	KXOR-18	М-32 Самара-Шымкент-Нұра	0-2,3	2,3
19	KXOR-19	М - 3 2 Самара-Шымкент-Қызылжар	0-6,0	6
20	KXOR-20	К Х - 1 5 Алтынтөбе-Төрткүл-Ақбулақ	0-3,5	3,5
21	KXOR-21	К Х - 1 5 Алтынтөбе-Төрткүл-Карақұм	0-2,8	2,8
22	KXOR-22	КХ-15 Алтынтөбе-Төрткүл- 1 -Мамыр	0-2,1	2,1
23	KXOR-23	Қараспан-Жаңатұрмыс	0-1,7	1,7
Ордабасы ауданының аудандық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша барлығы:				81,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК